

И 2007
4064к

Сағат
Әшімбаев



2





"АДРОЛ" "ЕЛОРДА"
2002 - ВНЕША Астана - 2006

Сағат Әшімбаев

Екі томдық
шығармалар жинағы

ӘДЕБИ СЫН

“ЕЛОРДА”
Астана – 2006

Сағат Әшімбаев



Екі томдық
шығармалар жинағы

Екінші
ТОМ

ӘДЕБИ СЫН

- Портреттер
- Эсселер
- Толғаулар

“ЕЛОРДА”
Астана – 2006

ББК 83.3 (5 Қаз)

Ә 95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әшімбаев Сағат. Екі томдық шығармалар жинағы.

Ә. 95 *Екінші том.* Әдеби сын.

— Астана: Елорда, 2006. — 328 бет.

ISBN 9965-06-445-8

Құрастырған **Шәрбану Бейсенова.**

Баспаға дайындап, алғы сөзін жазған **Тұрлыбек Мәмесейіт.**

Екі томдық шығармалар жинағының екінші кітабына автордың әдебиет әлемінде, көркемөнер тарихында терең із қалдырған ұлы тұлғалар мен ірі таланттар жайындағы зерделі зерттеулері, сондай-ақ қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында, ұлт көркем ойының өркендеуінде айрықша орны бар, қалың қауымның ықыласына бөленген танымал қаламгерлердің шығармашылық портреттері мен естелік-әссе сипатындағы толғау-толғаныстары енгізілген.

Сонымен бірге әдебиетімізге жаңалық болып қосылған, көркемдіктің көкжиегін кеңейткен, айтары бар, тағылымы мол жеке кітаптар мен жинақтар туралы да талдау-талқы мақалалары топтастырылып отыр.

Ә $\frac{4603020000-394}{00(05)-06}$

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-445-8



9 789965 064458

© Әшімбаев С., 2006

© “Елорда”, 2006

ISBN 9965-06-445-8

ҚОРЛАНҒАНДАР МЕН ҚОР БОЛҒАНДАРДЫҢ ЖЫРШЫСЫ¹

XIX ғасыр! Адамзат қоғамының даму тарихында бұл ғасырдың алатын орны айрықша. Өйткені, осы ғасырда бүкіл әлемдік ақыл-ойдың алып асқар шындары саналатын небір ғұлама ғалымдар, данышпан көсемдер, әйгілі жазушылар, талай-талай талантты өнер адамдары дүниеге келген. Сондықтан да өткен ғасырлармен салыстырғанда дүниежүзілік мәдениеттің, ғылымның өсу-өркендеу барысында мұндай жемісті ғасыр болып көрген емес. Осы ғасырда әлемдік әдебиет пен философия бұрын-соңды болмаған шырқау биік дәрежеге көтерілді. Мәселен, сол замандағы орыс, француз, неміс, ағылшын әдебиетінің інжу-маржандары әлі күнге дейін әрбір ұрпақты таңдандырып, таңдай қақтырумен келе жатыр. Бұл ғасырда адам баласы қайткенде, қандай жолмен бақытты өмір сүрс алады деген гуманистік ұлы мәселе төңірегінде Маркс сияқты философтар том-том тамаша еңбектер жазса, «дүниеде бір ғана халық үстемдік құруы керек, ал қалғандары осы халыққа басыбайлы құл болып, бағынышты өмір сүруге тиіс». — деп Ф. Ницше сияқты кертартпа, қанқұйлы фашистік идеологияның негізін салушы философтар да жан таласа өмір сүрген.

XIX ғасыр! Бұл ғасыр орыс әдебиетінің «алтын дәуірі» болып тарихта қалды. Бұл ғасырдағы орыс әдебиетінің табыстарымен ешқандай да елдің әдебиеті иық теңестіріп таласа алмайды. Мұндай күрт әрі «сұрапыл» дамудың себеп-сырларын әркім әрқалай түсіндіріп жүр. Бірақ әңгіме онда емес. Мәселен, Пушкин, Толстой, Тургеневтерді былай қойғанда XIX ғасырдағы орыс әдебиеті үшін бір ғана Достоевскийдің өзі қаншаға тұрады десеніңші! Басқалары болмаса да жалғыз Достоевскийдің өзі бүкіл орыс әдебиетіне зор абырой әперген болар еді. Өйткені, мұны тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Демек, XIX ғасырды сөз еткенде орыс әдебиетін Достоев-

¹ Е с к е р т у: Ұлы жазушының «Униженные и оскорбленные» атты романының атын әркім әр түрлі аударып келеді. Біз осылай атауды жөн көрдік.

ский творчествосыңыз ешуақытта да елестетуге болмас еді. Олай дейтініміз бүгінде Достоевский XX ғасырдағы дүниежүзі әдебиетінің даму процесіне зор ықпал етіп келе жатқан жазушы орыс әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетіндегі айрықша феномен-корифей деп саналады. Әлемнің қай түкпірінде де оған бас иіп табынбайтын оқушыны, оны ұстаз тұтып, творчествосынан үйренбеген, үйренуді мақсат етпейтін озық ойлы жазушыны кездестіру қиын. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «қайта туған халықтың әдебиеті» деген атақты мақаласында «Абай жолы» эпопеясындағы әкелер мен балалар арасындағы тартысты жазуда Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романынан үйрендім дегенін атап кетсек, артық емес қой дейміз.

Осы ғасырдағы «модадағы» атышулы жазушылар Ремарк, Ф. Кафка, М. Пруст, Д. Джойс, Ж. Сартр, Э. Хемингуэй, А. Камю, Г. Гессе, У. Фолкнер, Р. Акутагава және тағы басқалары бар, бәрі де Достоевскийді ерекше пір тұтқан. Бұған олардың өз сөздерімен қатар кейбір шығармаларындағы Достоевскийлік тенденция, яғни осы жазушыға ғана тән творчестволық сарындар куә болады. Айталық Франс Кафка «Процесс» сияқты атақты романын жазуда Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романының көп әсері болғанын мойындап жазғаны мәлім. Сол сияқты ағайынды неміс жазушылары, атақты романистер Генрих Манн мен Томас Маннның творчествосына да Достоевскийдің ықпалы күшті болған. Мұны Достоевскийдің Америкада басылған шығармаларына жазған алғы сөзінде Томас Маннның өзі де еріксіз мойындаған. Томас Маннның туған баласы, белгілі жазушы Клаус Маннның жазғандарында әкесінің Достоевскийді ала-бөтен көп оқығаны айтылған. Сондай-ақ Нобель сыйлығының лауреаттары У. Фолкнер де, жапон жазушысы Я. Кавабата да, неміс жазушысы Г. Гессе де Достоевский творчествосын айрықша бағалағанын оқуға болады. Қысқасы, осы заманғы белгілі қаламгерлердің арасынан Достоевский туралы жылы лебіз, жақсы пікір айтпағандары жоқтың қасы. Оны қай құрылыстың болмасын қатардағы оқушысынан бастап, әдебиетшілеріне дейін сүйіспеншілікпен оқиды. Зерттеушілердің ресми деректеріне сүйенсек, дүниежүзі көлемінде Шекспирден кейінгі ең көп тиражбен шыққан санаулы суреткерлердің бірі Достоевский екен. СССР-дағы

және шет елдердегісін қосқанда жазушының өмірі мен творчествосына қатысты б мыңға жуық адам үлкенді-кішілі пікір жазыпты. Әрине, мұның ішінде монографиялармен қатар әр түрлі көлемді мақалалар да бар.

Егер дүниеде тағдыры қызық, жаны жұмбақ, көзқарасы қайшылықты, творчествосы күрделі де терең сырлы жазушы екеу болса, соның біріншісі Достоевский. Бұлай дейтініміз осы уақытқа дейін оның өмірі мен творчествосы туралы әр түрлі айтыстар тасқыны бір сәт те толастап, жалпы пікірлер жүйесі бір арнаға түскен емес. Жазушының әрбір жана дүниесі сол кезден бастап-ақ күні бүгінге дейін әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағаланып келеді. Айталық, бір кезде «Бейшара жандар» повесі ұлы сыншы В. Г. Белинскийге қатты ұнаған ғой. Оның бұл повесть турасында пікірлер айта келіп «орыс әдебиетіне, Гогольдің шын мәніндегі ізбасары» келді деп ағынан жарыла, жар салып қуанғанын білеміз. Шындығында да Достоевский алғашқы дүниесімен-ақ өз үнін, ешкімге ұқсамайтын жазу мәнерін, яғни қайталанбас психолог жазушы екенін танытып үлгерген еді. Алайда, жазушы табысын мойындамай оған теріс көзқараспен қарап, жаңсақ пікір айтқан адамдар да болған екен. Оларға «Бейшара жандар» емес, Белинский сынаған повестері ұнапты. Осыған қарағанда дұрыс талғам мен бұрыс талғамның қай дәуірде де қатар өмір сүріп келе жатқанына күмәнданбаған жөн сияқты. Сөз орайына қарай мынаны айта кетейік. Әлгіде Белинский жас жазушыны Гогольдің сенімді ізбасары ретінде бағалады дедік. Жалпы, оның бұлай қарауы әбден негізді еді. Біріншіден, Достоевский өз күнделіктерінде алғаш жазып жүрген жылдары Гогольге еліктеп, оны көп оқығанын жазады. Оның «Бәріміз де Гогольдің «Шинелінен» шықтық» деген атақты сөзінің мәні осында жатқан болар?! Бірақ кейінгі жылдары Гогольге «қырын көзбен» қарағанын да ұмытпаған жөн. Екіншіден, «Бейшара жандар» повесі мен Гогольдің «Шинелінің» арасында бүтіннің бөлшекке қатынасындай творчестволық сабақтастық сезіледі. Достоевскийдің «Макар Девушкині» кейбір қылықтарымен Гогольдің «Акакий Акакиевичін» еске түсіреді. Негізінен Акакий образында сатиралық сипат жағы басым, ол көбінше күлкі тудырады. Тоғышар, топас чиновниктің тірлігі сізді еріксіз жирентеді де. Ал, Макар Девушкин образында ирониядан гөрі адамшылық сезім

тереңірек көрінеді. Ол Акакийден бір қадам болса да ілгері тұр. Жалпы алғанда «Бейшара жандардың» жазылуында Гогольдің «Шинелі» творчестволық үйренудің үлгісі іспетті болған.

Гогольдің роман, повестерінде негізінен сол кезеңдегі Россияның комикалық жақтары басым суреттелсе, Достоевский шығармаларында керісінше трагедиялық жағы баса сөз болған. Бәлкім, оның ұлылығы да осында шығар?! Өйткені күлкі қанша астарлы, терең болғанымен көз жасының орны бөлсек қой. Шекспир трагедияларының жүздеген жылдар бойы сахнадан түспей, рухы жасымай келе жатқан себебі осыдан емес пе екен?!

1971 жылы Москвада өткен СССР Жазушыларының V съезінде сөйлеген сөзінде Лениндік сыйлықтың лауреаты Шыңғыс Айтматовтың әдебиет пен өнердегі трагедиялық сипатты өгейсітіп, оны басқасынан шет қақпайлап бөліп тастауға болмайды деген салихалы пікірі жайдан-жай айтылмаған еді. Заманауи заңғар жазушының терең толғанысынан туған бұл пікір Шекспир, Достоевский шығармаларының өмірлік сырының себебін іздеп шарқ ұрғанда ойына оралған да болар... Не де болса, Айтматов сөзі әлемдік әдебиеттің інжу-маржандарына жете зер салған, соларды терең зерттеген зерделі адамның ғана аузынан шығып отырғандығы күмәнсіз. Немесе Айтматовтың соңғы шығармасы «Ақ кеме» повесіндегі трагизм элементтері осы шығарманың эстетикалық құндылығын арттырып тұрмаса, кемітпегені талассыз дер едік. Жалпы әдебиеттегі трагизм элементтерінен оның мәнін терең түсінбестен байбалам салып қашуға болмайды. Біздіңше Достоевскийдің суреткерлік құдіреті оның Шекспирден кейін әдебиетте трагизмді сол өзі өмір сүрген заманға лайық, дамыта білгендігінде деп ойлаймыз.

Максим Горький совет жазушыларының 1934 жылғы I съезінде жасаған баяндамасында Достоевский туралы едәуір тоқтала келіп, оны «Талант күші жағынан Шекспирмен ғана қатар қоюға болады» деп бағалауы да жоғарыда айтылған пікірді дәлелдей түсетін сияқты. Тағы бір анықтап алатын нәрсе, трагизмді айтқанда оны қазіргі Батыс әдебиетіндегі экзистенциализм ағымындағы «бұралқы трагизммен» шатастыруға болмайды. Рас, экзистенциалистер

Достоевскийді өздеріне көп ретте ұстаз санайды. Бірақ, олардың қателігі сонда, Достоевский шығармаларындағы жеке адамдар басындағы трагедиялық драма арқылы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік шындықтың көрсетілетінін ескере бермейді. Бұған бір ғана Раскольников образын мысалға алуға болар еді. Раскольников трагедиялық планда жасалған жазушының сол кезеңге дейінгі (1866 ж.) бүкіл творчествосының қорытындысы, дүниетанымының жемісі іспетті философиялық образ. Әлем әдебиетінде Достоевскийге дейін мұндай тұлғалы образ жоқ болатын. Раскольниковты тек Шекспирдің Гамлетімен ғана салыстыруға болар еді. Гамлет феодалдық қоғам тудырған қайшылықты әшкерелесуші образ болса, Раскольников қоғам дамуының едәуір жоғары сатысы — капиталистік қоғамға тән, жалпы осы қоғамның моральдық трагедиясын барынша әшкерелейтін образ. Романдағы өзекті идея: «Раскольниковтің жағдайы басына түссе, кез келген адам сондай қылмысқа барар еді» дегенге келіп саяды. Сондықтан да Достоевский «Зауал мен залал» романында және басқа да шығармаларында Лев Толстойдан гөрі капиталистік қоғам тудырып отырған аморальдық құбылыстарды жан-жақты әрі батыл сынаған жазушы екендігі ешқандай талассыз шындық. Тегінде Раскольников образында революциялық сипаттың ұшқыны бар. Әрине, бұл жерде Раскольниковтың өсімқор кемпірді өлтіруі кездейсоқ жағдай, стихиялық әрекет деушілер де табылуы мүмкін, жоқ оған келісуге болмайды. Достоевскийдің Раскольниковы өсімқор кемпірді ғана емес, патшаны да өлтіруден тайынбайтын жан. Оның «Адам өз бақытына жету жолында ешқандай кедергі-қиындықтан қорықпай, реті келсе болашақ бақыт үшін құрбандыққа да баруға болады» дейтін идеясы шынтуайтқа келгенде революционерлердің идеялынан алыс жатқан жоқ. Өйткені, революция ешуақытта қантөгіссіз, құрбандықсыз болған емес. Олай болмайтын да шығар. Ендеше, революциялық әрекеттің басы Раскольников сияқты езіліп, жаншылғандардың жанұшырып барып жасаған әрекеттерінен басталғанын да жоққа шығаруға болмайды. Революция жолына түсу деген сөз, саналы адамдардың сол өзі өмір сүріп отырған қоғамға риза болмаудан, қарсы шығудан оны жек көріп, жаңа өмірді аңсаудан туындағаны мәлім. Демек, Раскольниковтың өз ортасына

наразы болуы өткен ғасырдың 60 жылдарындағы Россияда туып келе жатқан жаңа революциялық сананың бір көрінісі деуге әбден болады.

«Ағайынды Карамазовтар» романындағы Иван образында да революционерлерге тән қимыл, іс-әрекет жоқ емес. Әсіресе, Ивановның қоғам дамуы, адамдар саналылығы туралы айтқан ойлары дәлел. Ең бастысы осындай ойланудың бір ұшығы келіп, революциялық көңіл-күймен ұштаспай ма, біздіңше революцияға қатысқандардың бәрі бірдей даңғыл жолмен келіп, революцияның мәнін бірден түсініп кетпеген, Иван Карамазов сияқты типтегі революционерлердің де болғаны тарихи шындық. Ивановның зұлымдықтың қайдан, қалай шығатынын терең түсінуі, әкесі Федор Карамазов сияқты оңбаған адамды іштей ғана емес, ашық түрде жек көруі жоғарыдағы пікірді қуаттай түседі. Тіпті, әкесін басқа адам өлтіргенмен, бірақ өлімге негізгі кінәлі адам осы Иван екені де белгілі. Өйткені, ол өзі өлтірудің барлық идеясын Смердяковқа айтып берген болатын.

Революционер деген сөз кең мағынасында зұлымдыққа қарсы шығу, гуманистік мәселелерді жан-тәнімен жақтау екені белгілі. Ісімен де, сөзімен де гуманист бола алмаған адамнан ешқандай да революционер шығуы мүмкін емес. Ал Достоевскийдің Мышкині де, Раскольникові де, Иван Карамазовы да адам үшін жаны ауыратын, зұлымдыққа қарсы күрескен кейіпкерлер. «Адам үшін жаны ауырады» дегенді «Қорланғандар мен қор болғандар» романы туралы мақала жазған ұлы сыншы Н.А. Добролюбов та, «Қылмыс пен жаза» романы туралы сын жазған ұлы сыншы М.И. Писарев те атап көрсеткен болатын. Томас Манн өзінің Достоевский туралы пікірлерін қорытындылай келіп: «Достоевский ұлы моралист, гуманизмнің апостолы» дегені мәлім. Біз де бұрын-соңғы осы сияқты пікірлерді жинақтай келіп, орыс революциясының күретамырын көрсете білген жазушы демекпіз. В.И. Ленин Толстойды орыс революциясының айнасы деп бағалады. Ал шындығында Толстой шығармаларында революция туралы бір ауыз сөз болмайды. Толстойға қарағанда Достоевский шығармаларында езілген, жаншылған, бақытсыз адамдардың тағдыры, мұңы, мүддесі көп суреттелген. Ол күңіренген Россияның образын жасаса, ал Толстой күлімдеген Россияның, көбіне-көп ақсүйектер қауымының тірлігін арқау

еткен жазушы. Демек, Толстой ғана емес, Достоевский де орыс революциясының айнасы деуге толық болады. Өйткені, ол да Толстой сияқты қоғам дамуын басқаша өзгертудің жолдарын материалистік тұрғыдан түсіне білмегенмен, жалпы адам баласын жақсылыққа жеткізудің өзінше жөн-жобасын іздеген, өмірдегі зұлымдықтың тамырына балта шауып, оны аластаудың айла-амалын қарастырған жазушы. Бұған «Ағайынды Карамазовтар» атты соңғы романы куә. Бұл роман ұлы жазушының өмір бойы ұстанған суреткерлік идеалы мен антиидеалының шығандап, шырқау шыққан көрінісі еді. Қоғам дамуын революциялық жолмен өзгертуге ғана болатындығын көпе-көрнеу мойындамай, зұлымдықтан азат ету құралы ретінде шіркеуді бетке ұстауы Достоевский дүние-танымындағы қайшылықтың апогейі деп қараймыз. Оны Ленин орыс революциясының айнасы деп бағалаған Толстоймен жақындастыратын да осы жағы. Қоғам дамуы туралы қайшылықты көзқарасының негізгі себебі оның сол кездегі өмірдің ағымынан өз бойын аулақ ұстауы болды. Он жылдай айдауда, түрмеде, шет жақта жүрген, жасынан бастап өмір бойы эпилепсиямен ауырған, ылғи да жоқшылықтың илеуінде иленген, мұқтаждықтың шылауына шырмалған адамның революциялық күресті түсінбеуі Г.В. Плеханов сияқты көрнекті марксист қайраткерлердің өзі де революцияны жеме-жемге келгенде түсінбей қателікке ұрынуының жанында бір жағынан заңды да еді. Алайда, мынаны ескерген жөн сияқты. Достоевский өз шығармаларында революцияны ашық түрде насихаттамағанымен бірақ өз заманындағы азапты өмірге қарсы басқа сан мыңдаған адамдардың жүрегінде қарсылық ұшқынын тұтандырып, олардың ашынуына түрткі болғанын мойындамасқа лаж жоқ. Революциялық рухтағы «Ана» романын жазған М. Горькийдің де кейбір сәттерде революциялық күрестің мәнін түбегейлі түсіне алмай, қателікке ұрынып қала жаздағаны да мәлім...

* * *

Жалпы, Достоевский творчествосын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі жазуға алғашқы машықтануы және Белинский, Петрашевский төңірегінде өткізген жылдары. Жазушының өзі де Белинскийдің ақыл-кеңестерін тыңдау бақытына ие болғаны үшін күнделіктерінде ризашылықпен жазған: «Это была самая восторженная личность изо всех

мне встречавшихся в жизни». Белинский туралы осы пікірін ол ақтық деміне дейін айтып өткен екен. Әсіресе ұлы сыншының Гогольге жазған әйгілі хатын басқалардай емес, сондай таза көңілмен қабылдапты. Кейін полиция өзін тұтқынға алып, пәтеріне тінту жүргізгенде патша үкіметі тарапынан тыйым салынған осы хаттың сөредегі кітаптар арасынан шыққаны да жығылған үстіне жұдырық болып тиеді. Петрашевский үйірмесіне қатысқаны үстіне, Белинский хатын халық арасына жасырын түрде таратты-мыс деген де айып тағылған. Белинскийдің хатын ерекше қадірлегеніне қарағанда Достоевский де өзінің бір кездегі Гоголь сынды ұстазының өмірінің соңғы жылдарында ұстаған бағытына қарсы болғанын анық көруге болатын сияқты.

Достоевский өзіне дейінгі өз кезіндегі Европа классиктерін көп оқыған кісі. Ол пансионда жүрген шағында, инженерлік училищеде оқыған жылдарында (1839—1844) Бальзакты, Гетені, Гюгоны, Шекспир, Шиллерді, Ж.Сандты көп оқиды. Кейбір деректерге қарасақ Бальзактың «Евгения Грандесын» аударғаны да айтылады. Сондықтан да Достоевский творчествосының бірінші кезеңі негізінен алғанда оқу, үйрену процесімен айрықшаланады.

Ал екінші кезең — жазушының Омскіде айдауда, Семей қаласында әскерде болған жылдары. Яғни 1849 жыл мен 1859 жылдар аралығы. Он жыл уақыттың таза төрт жылы түрмеде, қалғаны Семейдегі әскери гарнизонда өтеді. Ол мұнда қатардағы солдаттан унтер офицерлік дәрежеге дейін көтерілген еді. Мүмкіндігінше Семейде болған жылдары әр нәрселер жазуға, жаңа кітаптар оқуға тырысып-ақ бағады. Ағасы Михаилға жазған хаттарынан оның Канттың, Гегельдің философиялық еңбектерінің қайсыбірімен осында танысқанын көруге болады. «Қапастағы үйден жазбаларын» («Записки из мертвого дома») арагідік уақыты болған сәттерде жазумен Семейде жүріп айналысқан. Врангель сияқты саналы адамдардың арқасында кітап оқуға қолы жетіп, Петербург, Москва жаңалықтарын анда-санда естіп жүреді. Әдеби өмірдегі өзгерістерді біліп, жаңа шығып жатқан кейбір шығармаларды ретін тауып оқумен болады. Сол кезде атағы біраз жерге таралып, Россияда дүрілдеп тұрған Тургенев сияқты жазушылардың жаңа дүниелерін, әрі сын қозымен, әрі алыста жүрген соң ба, құныға оқыған екен.

Айдаудағы жылдар, солдаттық өмір Достоевскийдің творчестводан едәуір уақыт қол үзіп шеттеп қалуына себепші болғанымен шындығында пайдасыз да болмаған. Біріншіден, ол мұнда жүріп мүлде есейіп, сана-сезімі толыса түсті. Азаттық өмірдің мәнін барынша терең түсініп шықты, жақсылық пен зұлымдықтың ара жігін танып білді. Сонымен қатар, адамдардың қиын-қыстау сәттердегі психологиясын зерттеп білген. Өйткені Омскі түрмесіндегілердің арасында қырық рудан жиналғандар бар еді. Зұлым да, парасатты да — бәрі кездесетін. Міне, Достоевский осылардың арасынан болашақ кейіпкерлерін тауып та алып жүрді.

Әркімге-ақ белгілі, Достоевский шығармаларындағы кейіпкерлердің үштен екі бөлігі түрмеде, солдаттық өмірде болған жылдарында кездестірген адамдар. Мәселен, «Ағайынды Карамазовтардағы» Дмитрий Карамазовтың прототипі жазушының өзімен бірге болған, кісі өлтірді делініп, кінәсіз сотталған Дмитрий Ильинский деген жігіт екен. «Зауал мен залал» романындағы Мармсладов та түрмеде өзімен бірге болған адамның негізінде жасалыпты. Сондықтан да бұл жылдарды Достоевскийдің болашақ романдарына арқау болған драмалық ситуацияларды тауып алуына негіз болмады деп ешуақытта да айта алмайсыз. Сондықтан да кейбір романдарының өте қысқа мерзімді диктовкамен жазылып («Құмарпаз» сияқты) сәтті шығуының сыры да ұлы жазушының қажетті материалдарды сол жылдарда сұрыптап, көкейінде дайындап «пісіріп» алуымен ғана түсіндіру керек қой дейміз. Демек, өмір шындығын көзіңмен көріп, өзің белсене араласқаннан кейін фантазияның құдірстімен көркем шындыққа айналдыру қиынға түспейді. Бұған Достоевский творчивосы дәлел дер едік.

Жазушы өмірі мен творчивосының соңғы кезеңіне 1860 және 1880 жылдар аралығы жатады. Бұл кезең өте қайшылықты, сонымен қатар жазушы үшін жемісті болды. Негізгі романдары да осы кезеңде дүниеге келіп жатқанымен, заманның бағыт-бағдарына дұрыс түсіне алмауы жазушы творчивосына кесірін тигізбей қойған жоқ. Аяғын көп жағдайда шалыс басып, қателіктерге ұрынып қалып та жатты. Тіпті шет елдерге жиі шығуының өзі замандастарының айтуынша, Россиядағы жағдайды алыс жатып та бағалап көру болған. Россия Достоевскийді түсінуге тырысқанымен, ол үшін Россияны түсіну қиынға соқты. Ол бойынан екі елі

қалмаған жоқшылық пен мұқтаждыққа ғана налып қойған жоқ, Россиядан «адасып» қалғанына да қатты налиды. Бұл жағдай кейін екі журналға редактор болған жылдары да айқын көрініп тұрды.

Достоевский әдебиетте таза жиырма бес жылдай ғана уақыт қызмет еткен. Сондықтан да оның әрбір босқа өткен сағат үшін қиналуына еріксіз сенеміз де. Оның осы үшінші кезеңде кеудеге кептеліп қалған сыр шудасын қайткенде де сыртқа шығаруға асыққаны да әбден заңды еді. Сондықтан да бір жазғанын Толстой сияқты он көшіріп қайта-қайта жазып жатуға мұршасы болмаған. Бір жағынан жұрттан алған қарызынан құтылу керек, екіншіден, Стелловский мен Краевский сияқты кітап бастырушы өсімқорлардың уысынан құтылып шығу еді. Бір таң қалатын нәрсе Достоевский қанша қиындық көрмесін, жиырма бес жыл ішінде барлық жиғандарын қосқанда отыз томнан астам артына өлмес мұра қалдырған адам. Екінші әйелі Анна Григорьевнаның естеліктерін оқып отырғанда жазушының денсаулығының нашарлығына қарамастан, кей түндері таң атқанша жұмыс істейтін қажыр-қайратына қайран қаласың. Тіпті осындай ұлы адамның жұрттан алған қарыз ақшасынан өмірінің соңғы жылдарына дейін құтыла алмауы кей уақытта дем алып, тыныстамастан күн-түні роман жазуға мәжбүр етіпті. Осының бәрін оқығанда Достоевский сынды ұлы адамның еңбекқорлығына риза бола отырып, тағдыр тауқыметіне іштей қарғыс айтасың...

Достоевский творчествосы мен өмір жолы бүгінгі заманның жазушылары үшін бір нәрсені еске салып, үлкен сабақ болуға тиіс. Ол әрбір жазушының өз кезіндегі қоғамдық ой-сана дамуының, замана ағымының алдыңғы шебінде болу міндеті. Сонымен қатар әрбір мәселеге материалистік дүниетаным тұрғысынан келіп қарау керектігі. Анықтап айтқанда Достоевскийдің қателігін білудің жалпы бүгінгі суреткерлер үшін зор мәні бар. Достоевский өткен ғасырдың 60 жылдарындағы өмірдің ағыс-бағдарын шын мәнінде түсіне алмады. Осының салдары оның бұл жылдарда жазған дүниелеріне әсерін тигізбей қойған жоқ. Мәселен, «Жындар» романындағы антиреволюциялық сипат жазушы дүниетанымындағы субъективизмінің бірден-бір көрінісі еді. Сондай-ақ өз заманындағы озық ойшылдар, революционер демократтармен көп жағдайда түсінісе алмай, олар тура-

лы теріс көзқараста болуы да жазушы үшін абырой болған жоқ. Ол Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин және тағы басқалармен ылғи да «ұстасып» қалып отырған. Тіпті Щедрин екеуінің екі журнал бетінде, ыңғайсыз жағдайға барып айтысып қалғаны белгілі. Немесе, сыр күнделіктері мен жазбаларындағы кейбір реакциялық ойлары да ұлы жазушы беделіне нұқсан екені анық. Айталық, бейбіт халықты атып-асып, талап-тонап, атамекенінен қуып шығып жатқан колонизаторлық «аурумен» ауырған Черняевті Герцендер айыптап жазып жатқанда, Достоевскийдің келіп оны жеркөкке сыйғызбай мақтап, «Россияның тынысын кеңейткен ұлттық батыры» деп баға беруі де кешірімсіз қылық болатын. Ол бір хатында былай деп жазыпты: «Біз Азияға қожайын болуымыз керек... Сондықтан да ол үшін екі темір жолын салған дұрыс. Бірін Сібірге, екіншісін Орта Азияға қарай, егер бұл жүзеге асатын болса, біздер үшін бұдан артық пайдалы нәрсе болмас еді». Достоевскийдің бұл «ойы» бір жағынан дұрыс та шығар... Ал, Черняев сияқты жексұрындарды мақтауы гуманист Достоевский үшін ешқандай сыйымсыз еді. Бір айта кететін нәрсе Достоевский бастапқыда Орта Азия халықтары туралы да теріс көзқараста болған адам. Бірақ осы көзқарасының өзгеруіне, жақсы пікірге келуіне себеп болған Шоқан Уәлиханов екені мәлім. Сондықтан да Шоқан алдында бүгінгі ұрпақ осы жағынан да қарыздар деп ойлаймыз.

Достоевский күнделіктерінде ұшырасатын бір халықтың басқалардан үстем тұруы керек деген пікірі де өте ұшқары екені даусыз. Кертартпа философ Ф. Ницше Достоевскийді осындай реакциялық ойлары үшін көп дәріптеп, «осы жолға түсуіме ықпал еткен Достоевский» деген желбуаз пікір айтуға дейін барғанын да жасырып керегі жоқ сияқты. Біз жоғарыда Достоевский шығармалары ең көп тиражбен басылған деп кеттік. Мұндағы айтайық дегеніміз оның «Зауал мен залал», «Ағайынды Карамазовтар», «Құмарпаз», «Бейшара жандар», «Ақ түндер», «Жеткіншек», «Нақұрыс», «Қорланғандар мен қор болғандар» және басқа шығармалары. Осылардың ішіндегі айтайын деген ойының концептуальдылығы мен философиялық, өмір танытушылық мәнінің тереңдігі және көркемдік шарттарының әбден толықтығы, мінсіздігі жағынан айрықшасы «Зауал мен залал», «Ағайынды Кара-

мазовтар» сияқты романдары. Бұл екі дүние жазушының бүкіл әлем әдебиетіне психологиялық-философиялық роман жазуда қосқан елеулі жаңалығы деп қаралады. Біріншісі жазушы творчествосындағы бүтіндей жаңа идеялық-көркемдік арнаның басталуының яғни әлем әдебиетіндегі роман-трагедияның тұңғыш рет өмірге келуі еді. Бұған дейінгі әдебиет тарихында психотрагикалық осындай шығарма жоқ болатын. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Затында қылмысты қанішер емес Раскольников кісі өлтірмесе, бұл роман жазылмас та еді» (12 том, 152-бет) Ал «Ағайынды Карамазовтары» Достоевский суреткерлік шеберлігінің шыңы, адам жанының барша қалтарыстарының нәзік те бұралаң пернелерін соншама психологиялық дәлдікпен тап басып көрсеткен роман екенін жұртшылық әлдеқашан мойындаған-ды. Сондай-ақ образ жасаудың, кейіпкер жан дүниесін берудің ұтымды тәсілі болып жүрген ішкі монолог та негізінен Достоевский романдары арқылы өмірге батыл енгенін айта кеткен жөн. Рас, бұл тәсіл Достоевскийге дейін де кейбір жазушыларда болған еді. Алайда, Достоевский арқылы барынша жетіліп, кемелдене түскені, жаңа тәсіл ретінде берік қалыптасқаны сөзсіз. Психоанализ деген теорияның авторы, буржуазиялық ғалым Фрейдтің осы теориясымағын ашуда Достоевский романының көп әсері тигенін жазғанына да құлақ аспауға болмайды. Өйткені, Достоевский романдарындағы психологиялық терең иірімдер Зигмунд Фрейдтің субъективтік теориясына қанша дегенмен факт болған болу керек. Достоевский творчествосына тән психологиялық өзгешелікті трагедияның туу себептерін қарастыратын еңбегінде философ Ф. Ницше де бірнеше рет атап өтеді.

Бір қызығы Достоевский творчествосын философиялық көзқарастарының басқалығына, саяси бағыттарының алшақтығына қарамастан халық таныған қайраткерлердің, ұлылардың қай-қайсы да жоғары бағалаған. Мәселен, Р. Роллан, Р. Люксембург, А. Эйнштейн және тағы басқалар бар.

XX ғасырдағы физика ғылымындағы ұлы жаңалықтың авторы Альберт Эйнштейн: «Он дает мне больше, чем любовью мыслитель, больше, чем Гаус». Мынаны қараңыз, Гаус сияқты әйгілі ғалымды мойындамай, жазушы Достоевский туралы Эйнштейн осылай дейді. Ағылшын журналистерінің

сұрақтарына қайтарған жауабында да, ол «мені ойлауға үйреткен Достоевский» деген пікір айтыпты. Демек, Достоевский творчествосы адам баласының рухани дамуында айрықша рөл атқарып келе жатқаны сөзсіз.

В. И. Лениннің сенімді серігі Бонч-Бруевичтің естеліктеріне сүйенсек, ұлы көсеміміз Достоевский творчествосын жоғары бағалағандығын көруге болады. Бонч-Бруевичтің жазғандарына қарасақ, Ленин Достоевский творчествосының объективтік мәнімен қатар қайшылықтарына да сол кезеңдегі тарихи тұрғыдан қарау керектігін айтқан екен. Осы принципті бүгінгі совет әдебиетшілері бұлжытпай ұстап келе жатыр. Достоевский туралы Ленин еңбектерінде, анығырақ айтқанда, жазысқан хаттарында едәуір аталады. Мәселен, толық шығармаларының бесінші басылымындағы 19, 25, 48, 55 томдарында Достоевский творчествосына қатысты құнды-құнды пікірлер бар. Бұл жөнінде белгілі совет әдебиет зерттеушілері Мейлахтың, Рюриковтің, Щербинаның, Гроссманның, Кирпотиннің еңбектерінде толық айтылған. Сонымен сөзімізді қорыта келгенде айтарымыз, Достоевский творчествосы дүние жүзі әдебиетінің дамуына ықпал етіп келе жатқан асыл мұра деп қарауға толық болады. Эйнштейн сияқты ұлы ғалымдарды ойлауға үйреткен Достоевский творчествосы адамзат мәдениетінің дамуындағы зор белес екендігі талассыз дер едік.

1974

ШАҢҚАЙ ТҮС ШУАҒЫ

«Күмбір-күмбір кісінетіп, күреңді мінер күн қайда» әйгілі ақтабан жыраудың күрең деп отырғаны адам арманының ақшаңқан баламасы сияқты. Адамда арман таусылған ба?! Бірақ соның ең шоқтықтысы, әр адамның іштей үкілеген арманының да күреңі бар емес пе?!

Жазушылық та арманның көз жетпес алып асқары. Сол асқарға шығуды көздеген әркімнің де көкейінде түлеген «күреңді мінсем» дегендей өз арманы аялаған асқақ мұраты бар ғой. Бәлкім, қойын дәптеріне сырт көзден ұялып, оқта-текте өлең жолдарын түртіп жүрген, бір-екі жасын үлкейтіп комсомолға өткен педагогикалық институттың студенті Тахауи да солай деп армандаған болар. Сонда ол кейінгі

соқтықпалы-соқпақсыз тағдырдың бас бермеген бұла асаудай өз жолымен алып кетерін білді ме екен?! Тіпті он сегіз жасында өз еркімен майданға аттанып, жастық шағын, жігіттік бал дәуренін, себелеген оқ пен лаулаған өрттің өтінде, сықырлаған ақ қар көк мұзда, бусанған сыз окоптың ығында, тершіген сұр шинельдің ішінде өткізетіні, жанына батқан сұрапыл соғыс қасіреті жайлы «Қаһарлы күндер» атты роман жазып, оны қазақтан өзге де жұрттың өкілдері де оқитыны өңі түгіл, үш ұйықтаса да түсіне кірмеген шығар...

Тахауидың творчестволық жолы — жазушылық өмірбаянына бір сәт үнілсек, оның туған ел әдебиетінің алтын босағасын ерте аттағанына көз жеткіземіз. Бұған ешбір таңдануға болмайды. Себебі, жастай сұрапыл соғыстың лағнет-лаңын көрген адамның қолына ерте қалам ұстауы ерте есейгендігінің белгісі еді.

Т. Ахтанов — әдебиетімізге Ұлы Отан соғысынан соң, халық жүрегіндегі азалы жараның аузы бітпей қатып, қан мен тер нісі қатар мұңкіген әйгілі сұр шинельмен келген жазушылардың бірі.

Тахауи да көптеген қазақ қаламгерлері сияқты алғашқы қадамын институт қабырғасында өлеңнен бастаған. Өлеңдерінің бірлі-жарымы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандық газеттерде, соғыстан соңғы кезеңдегі мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланыпты. Солардың бір тобы 1949 жылы жарық көрген, «Жастар дауысы» атты альманахқа енген екен. Сол ауыр кезеңнің лебі аңқыған, бүгінде шаңға ысталып, сарғайған кітаптағы Тахауи өлеңдерін оқып отырып, әдетте, жиі айтылатын ақындық балауса, балғын «қолтаңбаны», өзіндік айтары барын сезінгендей боласың.

Әдебиетте айтары бар дегенде жазушының өмір, адамдар, олардың сан алуан тағдыры, мінез-әрекеті, психологиясы туралы өз түйгенін көркем шығарма арқылы көрсете келіп, философиялық тұрғыдан көркемдік қорытынды жасауы деп білеміз. Асылы, өнер дегеніміз тұнып тұрған ой ғой! Ендеше жазушы ой айтушы адам. Оның басқалардан алабөтен өзгешелігі де осында. Сонымен қатар қай жағынан да өмір жықпылдарын көп білетіндігінде, ал тұла бойын ой бунаған жазушы әйтеуір бір әдеби формамен оны сыртқа шығарады. Бірақ, әдебиетте әр жанрдың ой айту мүмкіндігі мен шегі бар. Мәселен, поэзияда белгілі шектен кейін

ақынның ой айтамын деп дидактизмге, жалаң декламацияға, ұшпа қызыл сөзге ұрынып қалуы әбден мүмкін. Осы жағынан келгенде ұлы ақынның бірі Пушкиннің прозалық шығармалар жазуы кездейсоқ құбылыс емес... Олай болса кейбір қаламгерлеріміздің творчестволық сапарын өлеңнен бастап прозаға ауысуы табиғи құбылыс!

Тахауидың өлең жазудан қол үзуіне өзінің айтуына қарағанда белгілі ақберен ақын Қасым Аманжолов себепкер болған көрінеді. Ол Қасымның шын жүректен айтылған достық кеңесін, әділ пікірлерін құба-құп қарсы алыпты. Біздіңше, Қасым сөздері балғын таланттың бағын байлап, болашағына сенбегендік емес, Тахауи қаламынан эпикалық жанрға бейімділікті байқап, нағыз өз жолын табуына дер кезінде бағыт сілтеп, жол көрсеткендік сияқты.

Жалпы қазақ прозаиктерінің алғаш өлеңге құлаш ұрмағаны кемде-кем екен. Бұл олардың әдебиет тарихында ақын болып қалмағанымен, о бастан яғни жаратылыстарында ақын жанды болып туылғанынан да шығар.

Тахауи болмысында аңқылдаған ақын жанды қаламгер. Ол өлеңнен ерте қол үзгенімен прозалық шығармаларында поэзияға тән лирикалық сезім сергектігі, сезім шыншылдығы мол. Роман, повестерін оқушыға стене жақындатып тұрған да сол қасиеттері ме екен деп те ойлайсың. Екіншіден, өлең жазуды үзілді-кесілді қойғанының себебі, өмір жайлы толғамдарын, өмірден түйгендерін басқа жанрларда да айтып жеткізе алатындығына іштей бекем сенген де болу керек деп түйесің.

Сенімнің де екі түрі бар емес пе? Өзіңе жалаң сеніп жардан құлау бар да, жар құлағың жастыққа тимей ізденіс үстінде жүріп, мақсат сатыларынан өту бар. Оның қаламгерлік жолынан осы екіншісін көруге болады. Мұның айғағы Т. Ахтановтың біраз жылдар бойы сын жазуы, белгілі жазушылардың шығармаларын қазақшаға аударумен айналысуы. Бұл екеуі де жазушы үшін үлкен прозаға келер алдындағы ең бір қажетті баспалдақтар еді. Сын мен аудармадан Т. Ахтанов көп нәрселер алған. Яғни сыннан көркемдік дүниестанымы кеңіп, ал аударма арқылы мысқалдап болса да шеберлік сырларын үйренеді. Көлемі жпырма баспа табакқа жуық «Керуен» атты сын мақалалар жинағы мен А. Толстойдан жасаған аудармасы оның сыншылық қызметі мен аудармашылық өнерінің дәлелі. Сындарының ішінде ерекше

ойлылығымен Ғ. Мүсірепов туралы еңбектері көзге түседі. Онда өнерге өзіндік өмірлік көзқарасы бар адамның интеллекті көрінеді. Сонымен сыншылық Тахауидың көркем шығарманың бітім-болмысын, туу, жазылу заңдылықтарын зерттеп, тануында көп көмектескен.

Ал Алексей Толстойдың «Азапты сапарын» аударуы әдеттегі кәсіпқойлықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. «Мен армияда жүріп үйренген орысшамның арқасында соғыстан кейін біраз дүниелермен жатпай-тұрмай оқып таныстым. Алғашында оп-оңай сияқты көрінген жазу орыс және шетел классиктерін оқыған сайын мен үшін қол жетпестей көріне берді. Мен жазушы үшін ең басты — екі нәрсе керек деп білемін. Бірі өмірден көргенің — өз көкірегіңмен түйгенің болуы, екіншісі — білім, оқу, іздену. Тіпті әлі күнге дейін бірдеңелерді жазып отырып, оны дереу тастап кітап оқуға түсіп кетемін. Ал, Толстойды аудару арқылы жазу дегеннің не екенің, оның мехнаты мен азабын тікелей өз басымнан кешіргендей болдым. Және мен бұл жазушыны шебер стилист деп санаймын». Иә, жазушы сөзі сізді де шүбәсіз илантады. Оның оқу ізденуге деген көзқарасы, «атышулы» жазушылардың жазғандарына төтенше ықыласы әр кездерге жазған сыни мақалаларынан да айқын аңғарылады.

Тахауидың тұңғыш романы «Қаһарлы күндер» 1956 жылы жарыққа шықты. Бұл роман дүниеге бірер айда, бірекі жыл айналасында ғана келмеген. Ол жазушының ұзақ уақыт жанр табиғатын табандылықпен меңгеру жолында талай-талай тер төгуінің жемісі еді.

Тахауи бұл романның алғашқы нұсқасын 1949—50 жылдары жазыпты. Ол жылдары жалпы қазақ әдебиеті бойынша соғыс тақырыбына жазылған шығармалар саусақпен санарлық болатын. Жазуды жаңа бастаған жазушыға алдында еліктейтін, көркемдік принциптерінен үйренетін дүниенің аз болуы да оңай тиген жоқ-тын. Сол кезде Ә. Нұрпейісовтың «Курляндия» атты тұңғыш романының жарыққа шығуы қалай жазу керек деген мәселе төңірегінде ойланып-толғанып жүрген Тахауи үшін едәуір септігі тиеді. Қалай, неден бастау керек екенін өзінше түйгендей болады. Бұрынғы жазып-сызып жүргендеріне екінші жағынан комсына да қарайды. Сонымен не керек, соғыста көргені аздай, тағы да материал жинауға кіріскен. Байқаса, көргені бар да, сол көргендерін сұрыптап, көркемдік жинақтау жасап, қорыту жағы жетіспейді екен. Өйткені, әдебиет өмірдің

сырдаң сырт көшірмесі емес, сол өмір туралы автордың өз көзқарасы екенін түсінгендей еді. Ол тек көргендерін емес, сол көргендерін жазу арқылы мәнді бір нәрсе айтуды, соғыс туралы өзі ғана емес, сол буынның не ойлағанын жазуы керек еді. Міне, сондықтан да соғыстан кейін бұрынғы майдандастармен жолығып әңгімелесу, олардың бойындағы соғыста пайда болған психологиялық өзгерістерді зерттеу, характерлеріне үңілу, Волоколамскіге барып бұрынғы окоптарға қайта түсу, өткенді сол жерлерде еске алу болашақ романның ірге тасының берік болуына негіз қалағаны сөзсіз. Жалпы Тахауидың қаламгерлік ерекшелігі қай дүниесін де ұзақ уақыт іштей пісіру, іштей дамыту, қорыту, араға жылдар салып қайта соғу, қайта өңдеу деп білген жөн. Сондықтан да қай-қай дүниесі де бір күндік, бірер сәттік көңіл-күй толғанысынан туа салмай әбден толысты-ау деген шақта ғана өмірге келіп, өмірлік сипат алып жатады.

«Қаһарлы күндер» — қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбына жазылған кесек тұлғалы образдары бар, жаңаша бітімді роман. Осы арқылы туған әдебиетімізге соны сипатты, өзіндік ой түйю, характерлер психологиясын айшықтау мәнері бар жазушы келді. Бұл роман Одақ көлемінде де жоғары бағаланып, бірнеше шет тілдерге де аударылды. Сондықтан осынау шығарма жазушының ғана емес, қазақ әдебиетінің де көркемдік табыстарының бірі, идеялық-эстетикалық жетістігі саналмақ.

Т. Ахтановтың сүйекті шығармаларының қай-қайсы да жазушы жанын терең толқытқан тақырыптарда туған екен. Осы ретте М. Әуезовтің мына пікірін келтірген жөн сияқты. «Жазушы қаламынан туған асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр төркіні жазушының өз жанынан терең орын алған күйлерден туады» (XII том, 150 бет). Демек, «Қаһарлы күндер» Тахауидың өз көзімен көрген, жан дүниесімен сезіп, білген шындықтардан жазылған. Өйткені, оған өз буынын ерте есейткен соғыс туралы жазбау мүмкін емес еді.

Бәлкім, ақын Сырбай Мәуленовтың мына бір өлеңіндегі шындық Тахауи басында да болған шығар. Болмаған деп қалай айта аласыз.

«Кетерімде жыламадым,
Өз қатарым көп болғансын.
Келгенімде егіліп шыдамадым,
Соның көбі жоқ болғансын».

Иә, Тахауи да осы бір шындықты былай айтады. «Мен ең алдымен бұғанасы қатпай, майданға кірген, от ішінде есейген өз қатарым туралы айтқым келді». Романды оқып отырып шындығында «бұғанасы қатпағандардың» өмірін елестетпейсіз бе?! Ендеше жазушы өз басынан кешкендерді ғана айтпаған, өз қатарының он жеті, он сегізінде Отан үшін жанын беріп, ерлік жасағандардың атынан сөйлейді.

«Соғыста қыршын қиылып бара жатқандардың көзіне көзің түскеннен ауыр ештеңе жоқ дер едім. Қанша дегенмен адамсың ғой, сондай сәттерде қабырғаң сөгілетін еді. Ешкім де өлгісі келмейтін. Тіпті көз жұмып бара жатып елге, туған жерге сәлем айтатын... Кейін, әсіресе, соғыстан соңғы жылдары түсіме соғыстағы жігіттер, қайтқаны, қайтпағаны бар көп кіретін... Сонымен бірдеме жазсам ғана солардың парызынан құтылатындай сезіндім. Қолыма алдымен қалам ұстатқан да осы жай еді» Бұл сөздерде бүкіл «Қаһарлы күндер» романының пафосы жатыр десе де болғандай.

Әртүрлі образ, характерлер жазушының өмір туралы ойының көркем көрінісі. Өзіндік тың образдар жасамаған автордың өзіндік айтары да жоқ. Тахауи романы әдебиетімізге беймәлім тағдырлы, адамдық парасат, жандүниесі жан-жақты ашылған Мұрат, Ержан, т.б. солар сияқты образ, характерлер әкелгендігімен құнды. Жазушының: «Мені және бір қызықтырған соғыстың шытырман оқиғасы, қауіп-қатері емес, сол соғыс, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам характерлері болды» — деген сөздері де өмір күрделілігін көрсетуге баса күш салғанын аңғартса керек. Өйткені, өмірде тек жақсылық қана үстемдік құрмайтыны мәлім. Жамандықтың, зұлымдықтың да жақсылықпен қатар жүретінін қайтесіз. Олай болса соғыста да бұлардың өзара қатар жүруі табиғи. Автор романда жақсылық пен зұлымдықтың ара салмағын біршама көрсетіп береді. Ерлік пен ездіктің де көріністерін шыншыл жеткізеді. Осы ретте романдағы Уәли тек жағымсыз бейне емес, қай кезде де өмірде арагидік ұшырасып қалатын залалды тип, зауалды образ скенін жасыруға болмайды.

«Қаһарлы күндер» романында адам жанының қалтарыстары мен қат-қабат терең қатпарларын психологиялық талдау арқылы ашу басым. Бұл әрине, жетістік. Осы романдағы авторлық баяндау мен кейіпкердің ішкі монологын жымсыз астастыра білу шеберлігі оның кейінгі дүниелерінде тіпті тереңдей түскенін көруге болады.

Әсіресе, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алған «Боран» романында өзгеше әдемі үйлесімін тапқан. Кейіпкердің ой-сезімі ме, автордың ой-сезімі ме, ол жағын білдіртпей отыруға тырысу бар. Жазушының басты міндетінің бірі адам мінезін, оның ой-сезімдерін шыншыл, нанымды етіп бере білу десек, сол жайды беруде жаңа айтып өткен ішкі монологтың мәні соңғы уақыттарда айрықша бағаланып жүргені белгілі.

Бұл тәсіл көктен түспеген. Толстой мен Әуезовте бар тәсіл. Тахауи соларды өз шығармаларында ұтымды жерінде орнымен пайдаланып жүр. Демек, мұның өзін оның үйрену, іздену мәселесіне өте ыждаһатпен қарайтынының айғағы дейміз. Ал енді осыған мысалдар келтірейік:

«Жаңыл қыбыр етпестен ұзақ отырды. Ойы екі жаққа жүгіреді. Бірі Қаламұш, бірі Қоспан. Бала күннің бұзылғанын көріп түнделетіп тартып кетсе... Әрине, осындай жалғыз елегізіп отырғанда оның келгені жақсы болар еді... Бірақ мына боранда жол таба ала ма? Далада үсіп, иә қасқырға ұшырап жүрсе... япырмай балалық жасамаса не қылсын... Терезенің кішкене әйнегіне тысырлап қар соғады. Жаңыл әр дыбысқа селк етіп апшысы қуырылып, берекесі қашты». Осы үзіндідегі ішкі монологтан кейіпкер психологиясы елес беріп өтеді. Мұндай ішкі монологтарды әр беттен-ақ көптеп-ақ келтіруге болады.

Кейіпкердің жан-дүниесін ішкі монолог арқылы сәтті беру де үлкен шеберлікті керек етеді. Бұл өзі адам психологиясын ашудағы ең бір қолайлы, әрі өміршең стильдік тәсіл. Сонымен қатар шығарманың оқылуын жеңілдететіні де бар. Тахауидың бұл саладағы табыстары әбден көңіл аударарлық.

«Боран» — көркем тілінен бастап, әрбір характердің дараланып берілуіне дейін үлкен шеберлік үлгісін танытатын роман. Айналасы екі жүз бетке жетпейтін романда автор соғыстан кейінгі жылдарға тән соқталы шындықтардың бет-пердесін ашады.

«Боран» — негізінен алпысыншы жылдары «Дала сыры» деген атпен жарық көрді. Ол 1966 жылы республикалық Абай атындағы сыйлықты алды. «Новый мир» журналында осы нұсқасы жарияланды. Содан автор оқушылардың талап-тілектеріне, басқа да сыни пікірлерге құлақ аса отырып, роман етіп қайта жазды. Бұл варианты белгілі жазушы В. Аксеновтың аудармасында орыс тілінде жарық көрді.